

А.Н.Иманбетов, А.Ж.Күлейменов, Қ.С.Мускунов, Ж.К.Саликов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

### ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ОРНЫ

*В статье рассматриваются национальные спортивные игры как часть патриотического воспитания учащихся. Будущее любой страны — культурная, образованная молодежь. Воспитание патриотизма молодого поколения — одна из основных составляющих государственного строя и его жизнеспособности.*

*In article are considered organizations of the patriotic education учащихся by means of national athletic plays. Future any country -a culture formed youth. Future our country as a whole depends From patriotism of the young generation. The Patriotism presents itself идеологическую full tilt state building and his (its) viability.*

Өз ұрпағын ерлікке тәрбиелеуде халқымыз ел игілігі болатын еңбекті, ел қорғайтын батырлықты мадақтап, жоғары бағалаған. Халық елді қорғау адамгершіліктің асқар шыңы деп тұжырымдайды. Халқымыздың дәстүрінде елді қорғаушы елдердің ерліктерімен қатар, елі үшін жан аямай еңбек еткен саналы жандардың еңбектерінде үлгі-өнеге ретінде қастерлеген. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі», «Отызында орда қорғай алмаған, қыркында қырдан аса алмайды», — дейді халық. Сондай-ақ ерлік қасиеттерді қаһармандықты батырлық жырларда қастерлей насихаттайды [1].

Тарихи қаһармандықты насихаттап, данышпандар мен шешендерді, батырларды үлгі-өнеге етіп көрсететін аңыз-әңгімелер өте көп. Асан Қайғы қазақ еліне жай іздейді. Қорқыт ата халыққа өлмейтін өмір, өшпейтін өнер іздеген, Төле би қазақ халқының бірлігін көксеп, басын біріктірген, Кейкі мен Амангелді жаңаша жақсы заман орнатпақ болады, Қажымұқан дүние жүзіндегі ең күшті палуан-қазақ деген мақтаныш туғызады. Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдулин ерліктің үлгісін көрсетеді, Мәншүк пен Әлия ержүрек қазақ қызының бейнесін жасады.

Біз бұдан патриотизмге тәрбиелеудің мынадай этно-мәдени жүйесін көреміз: ар-намыс, борыш, парыз, қанағатшылдық, жомарттық, әділдік, адалдық, ата тегін білу, қазақтың салт-дәстүрін, сөз асылын сыйлау, қайтпас қайсарлық, табандылық, бауырмалдық, ерлік — қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік психологиялық ерекшелік болмысы; ол адамзаттың отансүйгіштік, ойлау жүйесінің негізі болмақ.

Жауынгерлік ерлік тәрбиесін жүзеге асыруда студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуін басты назарда ұстағаны жөн. Олардың өзіндік талпынысын қолдап, тұрмыс-тіршілікке қажет деген идеяларын жүзеге асыруға көмектесіп отыруға өзін-өзі тәрбиелеуде ұлттық тәрбиеге аса мән бергендігін түсінген жөн.

Ұлттық тәрбиедегі ұлттық ойындар жіктемелері педагогикалық процесті ұйымдастыру формаларының бірі болып табылады. Ұлттық ойындар педагогиканың дәстүрлі әдістері болып табылады. Көркемдік-эстетикалық және дене тәрбиесінің бөлінбейтін бір бөлігі саналатын ұлттық ойындарда адам өмірінің бейнесі, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, еңбегі, халықтық намыс, ерлік, батылдық туралы көзқарастары жатыр.

Ұлттық ойындарда жылдамдық, шеберлік, әдемі, әсем қимылдар, шығармашылық ойлау қабілеттері көрініс тапқан. Өз өміріміздің серігі болғандықтан, ұлттық ойындар іс-әрекеттерінен үлгі-өнеге үйреніп, өзінше ой түйініп, патриоттық сана қалыптасады. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктері оқушылардың патриоттық сезімдеріне игі әсерін тигізеді.

Ұлттық ойындар оқушыларға патриоттық тәрбие беру процесінде мына жағдайларда қолданылады:

- патриоттық білім беру ұғымдарын меңгеру жіктемесі ретінде;
- тәрбиенің бір бөлігі ретінде;
- аудиториядан тыс жұмыс жіктемесі ретінде.

Орта білім беру мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеуде ұлттық спорт ойындары материалдары жіктемесі оқушылардың оқу-тәрбие жүйесін жетілдіру болып табылады. Оқушылардың ұлттық мәдениетін, ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, өз халқының ұлттық ерекшеліктерін оқу-тәрбие процесінде пайдалануға негіз салады.

Біздің зерттеуімізде ұлттық спорт ойындары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру этнопедагогикалық материалдарды терең әрі жан-жақты зерттеп, ғалымдар жинақтаған білімдер мен іс-тәжірибелерді байыта енгізу жағдайында ғана мүмкін болып отыр.

Демек, этнопедагогиканың өзі патриоттық тәрбиенің дамуына ықпалын тигізеді. Сонымен қатар патриоттық тәрбие күрделі адамзат бірлестігі элементтерінің бірі болып табылады. Адам белгілі бір (рухани, материалдық, мәдени) ортада өмір сүреді, бұл орта басқа ортамен, толып жатқан арқаулармен байланысқан.

Қазақ халқының ұлттық спорт ойындары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру қоғамның экономикалық мәдени, саяси және басқа да сұраныстарына жауап ретінде көрінеді, сондықтан да патриоттық тәрбие әлеуметтік организмге тән барлық толып жатқан компоненттер базасында патриоттық тәрбие қалыптасады.

Ал қандай да болмасын жеке адам белгілі бір ұлт өкілі болғандықтан, оның генетикалық, әлеуметтік негіздерін этнопедагогика мен этнопсихология ғылымдары қарастырады. Жеке тұлғаның екі жоспарда талдануы қажет: іс-әрекет жоспарында және оның дамуын көрсететін, тұлға сапасы мен қасиеттерінің өзгеру жоспарында. Тұлғаны әр түрлі іс-әрекет түрлеріне дайындау мақсатында оны жан-жақты дамытумен және оны қалыптастыру мәселесімен айналысатын болғандықтан, этнопедагогика үшін бұл бағыттың маңызы өте зор.

Бұл процесте тұлғаның оқушылардың ой-санасы тың мәліметтермен кемелдене түседі, сезімі ұшталып, бойында рухани қажеттенулер пайда болып, белгілі бір іс-әрекетке итермелейді. Сондықтан оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу барысында алдымен патриоттық білім беріп, патриоттық сана қалыптастыру, патриоттық сезімін оятып, патриоттық іс-әрекетке бейімдеу қажет.

Мұнда патриоттық сананы тұлғаның ішкі жан дүниесінің қозғалыстары деп қарастыратын болсақ, ол сезімнен және іс-әрекеттен көрініс береді. Педагогика, психология, философия, әлеуметтану, тағы басқа ғылыми әдебиеттердегі патриотизмге қатысты ой-пікірлермен бірге, мерзімді басылымдардағы жекелеген ғалымдардың мақалаларын зерделеу барысында біз оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарын нақтылау қажет екендігіне көз жеткіздік.

Психология мен педагогиканың өзара байланысында өмірдің тәрбиелік сұранысынан туындаған ауқымды бөлімі — педагогикалық, психологиялық ерекшелік. Патриоттық тәрбие проблемасын қарастыруда, педагогикалық, психологиялық ерекшеліктерді пайдалану оқушылардың әлеуметтік мінез-қылықтарын жобалауға және патриоттық тәрбие беруді жетілдіруге бағытталып отыр.

Біздің пікірімізше, психологиялық, педагогикалық ерекшеліктер арқылы, оқушыларды патриоттық сезімге тәрбиелеуде әрбір оқушының өзіне тән дербестік, психологиялық ерекшеліктерінің мәнін айқындау және қазіргі кездегі жағдайына баға беру, алдағы уақытта даму мүмкіншіліктерін жобалау, нақтылы ұсыныстар жасауы керек [2].

Патриоттық тәрбиенің танымдық, адамгершілік өлшемдері, оның бірлігі, оқушылардың алған білімдеріне терең, жан-жақты қорытынды жасай білулеріне дағдыландырып, өмірдің күрделі жағдайларына байланысты өзіндік өмірлік бағыттарын өздерінің таңдауына әсер етті [3].

Талдау жұмыстарымызға қарағанда қазақ халқының ұлттық спорт ойындары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беруге себепші болатын этнопедагогикалық білімдері мен ерекшеліктерін айқындағанымен, оны қалыптастырудың бүгінгі уақыт талаптарына сай айқындау қажеттілік болып саналады.

Сонымен, біз халықтық педагогика ғылымымен айналысып жүрген ғалымдардың пікірлеріне сүйіне отырып, оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің бір бағыты өзін-өзі Отанының патриоты болуға бейімдеу деп ұйғардық.

Оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу — мемлекет ұстанып отырған басты идеялардың бірі, сондықтан біз сабақтан тыс тәрбиелік іс-шараларда ұлттық спорт ойындары көп мән беруді жөн көрдік.

Ұлттық құндылықтар негізін құрайтын спорттық ойындар аудиториядан тыс жұмыстарда жүйелі түрде оқытудың дәстүрлі емес жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыра пайдалану оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың ұлттық спорт туралы білімді игеруін қамтамасыз етеді және олардың ойлау қабілетінің дамуына, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетіле түсуіне жол ашады [4].

Ең бастысы, оқушының жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізеді. Демек, қазақ этнопедагогикасы құндылықтарын пайдалану мазмұндық тұрғыдан білім көздерінің бірі болып табылады.

Қазақ халқының туысқандық, бауырмалдық қасиеті оның жеті атасын білуді талап етеді. «Жеті атасын білген ұл, жеті рулы елді біледі» деген халықтың дана сөзі бар. Сондай-ақ «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деген аталы сөз де ежелден бірліктің, бауырмалдықтың белгісін білдіреді.

Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі мұрасына көз жіберсек, отбасына байланысты тұнып тұрған дәстүрдің бар екенін көреміз. Ұлттық салттар мен дәстүрлердің, әдеп-ғұрыптардың заманға сай ұрпақтарымызды өркендетер өрнектерін халық жоғары бағалайды.

Қазақ халқының құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие берудің ғылыми-теориялық негіздері орта білім беру орындарында патриоттық тәрбие беруді зерттеу деңгейінің қазіргі жағдайын қарастырып, қазақ халқының ұлттық ойындары негізінде оқушылардың бойында патриоттық қасиеттерін қалыптастырудағы үлгісі жасалды.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері — рухани және адами қасиеттер, құлықтылық (моральдық тәлім-тәрбие) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды [5].

Ұлттық тәрбие — адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бірін-бірі байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам — рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді.

Ұлттық менталитет — тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын — мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары жеке басқа табынудың құрбаны болды, қудалауға түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды [6].

Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе, мектеп, жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді. Тәрбиелік жұмыстар коммунистік идеологияға негізделіп, оқу-тәрбие жұмыстары негізінен орыс тілінде жүргізілуіне байланысты қазақ тілі біртіндеп өмірден шеттеле бастады.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар орыс тілінің аудармасы негізінде пайдаланылып, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Оқушыларға жан-жақты тәрбие беруде үлкен жауапкершілікті мойындарына алған жастар ұйымдары негізінен коммунистік тәрбие принциптеріне сүйенеді. Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспады. Ұлттық тәрбиедегі ұрпақ сабақтастығы сақталмады.

Қазақстан жағдайында осыған орай кейбір мәселелердің басын ашып алмай тұрып, патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қою мүмкін емес екені анық. Республикамыз бір саяси құрылымнан екіншісіне ауысып, басқару жүйесі жаңа сападағы қарым-қатынасқа бет бұрған өтпелі кезеңде қазақ халқының ұлттық құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары дағдарысқа ұшырағаны белгілі. Бұндай жағдайда заман ағымына қарата пайда болған тың ұғымдарды айқындап, оларға анықтама беру қажеттігі туындады.

Ұғымдар, түсініктер, ереже, қағидалар арқылы оқушылар санасында білім қалыптасып, ол өз кезегінде оның іс-әрекетіне бағыт береді. Біздің пайымдауымызша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар — «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм». Ұғым дегеніміз — заттар мен құбылыстардың жалпы айырмашылықтарын белгілерінің жиынтығы негізінде ой жүргізу. Ұғым — бір сөзден тұратын термин, не болмаса сөз тіркестерімен белгіленеді.

Ол ғылыми және практикалық білімдерді қалыптастыруда қолданылады. Ұғымдар негізінде пікір, ой-тұжырымдар қалыптасып, ой-қорытындылар мен пайымдаулар жасалады. Олай болса, бұл жерде «ұлттық патриотизм ерекшеліктері» және «қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» ұғымдары арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халық туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз — бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну.

Сөйтіп, «ұлттық патриотизм ерекшеліктері» және «қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру секілді т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны ерекше. Ұлттық құндылықтарды түсіну үшін алдымен «ұлттық патриотизм» ұғымын түсіну қажет.

Ұлттық патриотизм дегеніміз — ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Тереңірек пайымдасақ, мұның өзі ұлттарды ұлылауға бағыттталып, ілгеріде жүргізілген кереғар ұлт саясатының кесірінен ұмытылып қалған дәстүрлердің жаңғаруы, ұлттық патриотизмін күшейте түсіруі.

Халық зердесінде өткен замандардың өшіп қалған материалдық, рухани мәдениетін, озық дәстүрін жаңғарту, оның ұлттық ойындардың бүкіл байлығы мен қазынасын қалпына келтіру арқылы патриоттық сезім жаңа сипат алады. Ұлттық ойындарымен айналысу жеке адамның, ұжымның санасында ұлттық психологияны қалыптастыру, демек олардың белгілі бір халықтық бөлшегі екендігін, тұптамасы сол халықта, сол Отанда жатқандығын сезіну деген сөз.

Ұлтының наным-сенімдеріне, саяси көзқарастары мен ұстанған бағыт-бағдарын, ұлттың әрбір азаматы өзі өмір сүріп отырған ұлтының ерекшеліктерін танып-біліуі керек. Ұлттың салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін, дінін сыйлау, жетістіктеріне шаттану — ұлттың әрбір өкілінің азаматтық борышы. Біздің зерттеуімізде көтеріліп отырған ұлттық патриотизм ерекшеліктері оқушылардың өз ұлтының тарихы мен географиясымен, ұлттық батырлары мен біртуар тұлғаларының ерлік істерін білуі.

Тамырын халық педагогикасынан алып, барлық салада зерттеліп, ғылыми алғы шарттарға лайықты өз құндылықтарымен танылған қазақ халқының ұлттық құндылықтары оқушыларға этнопедагогикалық білім беру ісінің басты құралы болуда.

Орта мектептерде оқушыларға қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру ісінің маңызы зор екенін біз өз зерттеулерімізден көріп жүрміз. Өйткені егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық патриотизм тәрбиесі айқын көрінуге тиіс.

«Ұлттық патриотизм тәрбиесі» деген термин барлық ұлтқа байланысты айтылатын ұғым. Өйткені қандай ұлт болса да тәрбиесін өз тілінде, ұлттық тәлім-тәрбиелік тәжірибелерге байланысты жүргізеді.

Біз оқушыларға ұлттық спорт ойындары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беруде осы ғылыми негізге сүйеніп, этнопедагогикалық тақырыптарды ұлттық мүмкіншіліктермен байланыстырып отырамыз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы: Оқу құралы. — Алматы: Санат, 2001. — 320-б.
2. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику. — М.: Знание, 1997. — С. 368.
3. Сейталиев Қ. Тәрбие тарихы. — Алматы: Мектеп, 1986. — 150-б.
4. Төлеубеков Р.К. Қазіргі әлеуметтік-мәдени ортаның жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы // Ұлағат. — 1999. — № 2. — 3–7-б.
5. Айталы А. Ұлттық және азаматтық сәйкестілік // Ақиқат. — 1997. — № 9. — 35–39-б.
6. Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. — Алматы: Дәуір, 2000. — 70,71-б.